

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1785. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.26. N 1634 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 113 адам болып бекітілсін. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

03.27. N 359 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға, сондай-ақ 9 адамнан тұратын алқасы болуына рұқсат етілсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

03.27. N 359 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілсін - ҚР Үкіметінің

1996.03.27. N 359 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қазандағы N 1107 қаулысының;

"Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрінің қосымша бір орынбасарын енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 559 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1785 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Зейнетақы қоры істері жөніндегі бас басқарма

Қаржы-экономика басқармасы

Зейнетақылық қызмет көрсетуді ұйымдастыру басқармасы

Әлеуметтік көмек басқармасы

Протездеу істері және ақпаратпен қамтамасыз ету басқармасы

Заң және ұйымдастыру-кадр жұмыстары басқармасы

Бухгалтерлік есеп бөлімі

Аударма және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс бөлімі

Жалпы бөлім